



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

Астана қаласы

город Астана

№ 587 от 29.08.2025

**«QazBioPharm» ұлттық холдингі»
акционерлік қоғамының
2024 жылғы жеке және
шоғырландырылған жылдық
қаржылық есептілігін бекіту
туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, және 178-бабы 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 56-бабына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 13 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметтерін үйлестіру және қол қою құқығы бойынша міндеттерді жүктеу туралы» № 784 бұйрығына, «QazBioPharm» ұлттық холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысы 81-тармағының 6) тармақшасына, «FSG AUDIT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 20 тамыздағы аудиторлық қорытындыларына, «QazBioPharm» ұлттық холдингі» акционерлік қоғамының 2025 жылғы 25 тамыздағы Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешіміне (№6 хаттама) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2025 жылғы 29 тамыздағы №КГИП-01-КГ/9179, хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «QazBioPharm» ұлттық холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2024 жылғы жеке және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі (Астана қаласы, Нұра ауданы, Қорғалжын тас жолы, 13/5, БИН: 220640040045, ЖСК: KZ08601A871004329011, «Қазақстан Халық банкі» акционерлік қоғамы, БСН: HSBKZKX) бекітілсін.

2. Қоғамның таза табысының 100 (жүз) пайызы 2024 жылдың қорытындысы бойынша алынған 5 929 000 (бес миллион тоғыз жүз жиырма тоғыз мың) теңге мөлшерінде республикалық бюджеттің кірісіне жіберілсін.

3. 2024 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтердің мөлшері қоғамның бір жай акциясына есептегенде - 0 теңге 19 тиын бекітілсін.

4. Қоғамның Бас директоры:

осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 94 бұйрығымен бекітілген Жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілікті депозитарийге тапсыру қағидаларының талаптарына сәйкес қаржылық есептіліктің депозитарийін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға осы бұйрықтың 1-тармағында көзделген жылдық қаржылық есептілікті жіберуді қамтамасыз етсін;

осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде оны Қоғамның корпоративтік сайтында жарияласын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Корпоративтік даму департаментіне жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционердің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау вице-министрі**

А. Амангелдиев

Подписано

29.08.2025 17:44 Амангельдиев Ардак

